

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау бойынша Нұсқауды және тізбені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 25 наурыздағы N 92/4 қаулысы. Павлодар облысы Железин ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 31 наурызда N 52 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 04 мамырдағы N 188/5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2012.05.04 N 188/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қоргалуы туралы" Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, мүгедектердің кәсіптік және еңбекпен оналту сұрақтарын дамыту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау бойынша қосымша беріліп отырған Нұсқау бекітілсін.

2. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квоталанған жұмыс орындарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудан әкімдігінің 2007 жылғы 13 наурыздағы "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау бойынша Нұсқауды бекіту туралы" N 97/3 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-6-38 нөмірмен тіркелген, аудандық "Родные просторы" газетінің 2007 жылғы 25 наурыздағы 14 нөмірінде жарияланған);

аудан әкімдігінің 2007 жылғы 1 шілдедегі "2007 жылы мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота бекіту туралы" N 185/6 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-6-41 нөмірмен тіркелген, аудандық "Родные просторы" газетінің 2007 жылғы 16 маусымдағы 24 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау және Нұсқауды жүзеге асыру бойынша жұмысты үйлестіру аудан әкімінің орынбасары Б.М. Қаппасовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

M. Көбенов

Ж е л е з и н
2008 жылғы
қаулысымен бекітілді

а у д а н ы
25 наурыздағы

ә к і м д і г і н ің
N 92/4

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау бойынша Нұсқау

Осы Нұсқау Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Зандарына сәйкес әзірленді .

1. Жалпы ережелер

1. Жұмысқа орналасуға мұқтаж мүгедектердің жұмыспен қамтылуына және жұмысқа қабылдануына қолдау жасау мақсатында квоталанатын жұмыс орындарының ең төменгі мөлшері белгіленді.

2. Нұсқауда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
квоталандырылатын жұмыс орындары (квота) – кәсіпорындардағы, мекемелердегі және ұйымдардағы, жұмысқа орналасуға мұқтажды мүгедектердің жұмыс орындарындағы үлесі (бөлігі);

жұмыс беруші – аудан аумағында қызметтін атқаратын, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер (республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарынан басқалары), жеке тұлғалар;

жұмыспен қамту мәселесі бойынша өкілетті орган - аймақтық деңгейде тұрғындарды жұмыспен қамтуға және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге қолдау жасайтын, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын атқарушы орган.

2. Квоталар белгілеудің талаптары және тәртібі

3. Квота туралы нақты ұсыныстарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті орган – жұмысқа орналасуға мұқтаж мүгедектердің санын талдау негізінде, сұранысты және аймақта қажетті жұмыс күшін болжамдау бойынша әзірлеуді .

4. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органның ұсыныстары негізінде аудан әкімдігінің қаулысына сәйкес аудан аумағында орналасқан кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға мүгедектердің жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарына квота және оны ендіру мерзімін белгілейді.

Квотаны белгілеген кезде мүгедектердің жыныстық-жастық құрамы, кәсіби және біліктілік деңгейі, дәрігерлік-әлеуметтік сараптамалық ұсыныстар, сондай-ақ қызмет түрі, жұмыс тәртібі, кәсіпорындардағы, мекемелердегі және ұйымдардағы жұмыс сипаттамасы және әлеуметтік-тұрмыстық жағдай ескеріледі.

5. Қабылданған шешім туралы жұмыс берушілер ақпараттандырылады.

6. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына сәйкес жыл сайын бір жылдан кем емес мерзімге барлық жұмыс орнының үш пайызы мөлшерінде **квота** **белгіленеді.**

7. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін қажетті жұмыс орындарын құрады немесе бөледі.

8. Жұмыс орындарына орналастыру, жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті орган жолдамасының негізінде жүргізіледі.

3. Мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз етудегі жұмыс берушілердің міндеттері мен жауапкершіліктері

9. Мүгедектер үшін белгіленген квотаға сәйкес жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органның жолдамасы негізінде жұмыс берушілер азаматтарды жұмысқа **қабылдауға** **міндетті.**

10. Жұмыс берушілер кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес босаған жұмыс орындары немесе құрылған жұмыс орындары жөнінде үш күндік мерзімде жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органға ақпарат беруге міндетті.

11. Жұмыс берушілер квота есебіне бөлінген жұмыс орындарының толығуы туралы ай сайын жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органға ақпарат береді.

12. Квота есебіне бөлінген жұмыс орындарының толығуна бақылауды жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті орган және мемлекеттік еңбек инспекциясының органы жүргізеді.

Железин **аудан** **әкімдігінің**
2008 **жылғы** **25** **наурыз** **N** **92/4** **қауалысына**
қосымша

Мүгедектерді 2008 жылы жұмысқа қабылдау
үшін квоталанған жұмыс орындарының
тізбесі

P/c N	Аумактық бірліктің атауы	Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер	Маман-дығы	Квотаны енгізу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Железин селолық округі	Үрілітүп орман және жануарлар әлемін көрғау жөніндегі мекемесі (келісім бойынша)	Күзетші	Мамыр
		"Қазпошта" акционерлік қоғамы (келісім бойынша)	От жағушы	Тамыз
2.	Еңбекші селолық округі	Еңбекші жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	Вахтер	Қыркүйек
3.	Михайлов селолық округі	Михайловка жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	Гардеробшы	Қыркүйек
			Сыпырушы	Қараша
4.	Башмачин селолық округі	Башмачин жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	Еден жуушы	Қыркүйек
			Вахтер	Қазан
5.	Прииртышск селолық округі	Прииртышск жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	Вахтер	Қыркүйек
			Күзетші	Мамыр
6.	Лесной селолық округі	Лесной жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	От жағушы	Қазан
			От жағушы	Қазан
7.	Озерный селолық округі	Озерный жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	От жағушы	Қазан
8.	Уәлиханов селолық округі	Уәлиханов жалпы білім беру орта мектебі (келісім бойынша)	Гардеробшы	Қыркүйек
	Барлығы аудан бойынша:		13 адам	